



№ 30 (9019),
жұма, 9 тамыз,
2024 жыл

шығымдасы

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ЖАҢА ГРАНТТАР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ: 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ НЕ ДАЙЫНДАДЫ



Биыл мектептерді 188 мыңнан астам түлек бітірді. Оның 140 мыңға жуығы жоғары оқу орындарына түседі деп күтілуде. Осылайша, биылғы оқу жылында студенттердің жалпы саны 650 мыңға жуық адамды құрайды.

Гранттарды бөлу, студенттерді қабылдауға дайындық, оларды жатақханаларда орындармен қамтамасыз ету туралы Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндады.

Министрдің айтуынша, 2022 жылдан бастап гранттар саны артып келеді. Сонымен қатар жоғары білімнің қол жетімді болуын арттырудың қосымша тетіктері қарастырылған. Атап айтқанда, дифференциалды гранттар, жеңілдігі бар несиелер, «Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» бағдарламалары.

Қазіргі уақытта республикада 120 ЖОО жұмыс істейді. Министрлік алдағы 3 оқу жылына кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырысты бекітті. 2024-2025 оқу жылына барлығы 94250 грант бөлінді. Оның ішінде 79 мыңға жуығы бакалавр үшін, 13 мыңнан астамы магистратураға және 2919 грант докторантураға бөлініп отыр.

181 мыңнан астам талапкер екі мүмкіндікті ескере отырып, ҰБТ-ны 326 мың рет тапсырды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 20 мыңға жуық өскен. Үміткерлердің 82%-ы шекті балдан өтті. Биыл гранттар конкурсына былтырғымен салыстырғанда 11 мың талапкер көбірек қатысты. Гранттарды беру туралы шешімді Республикалық конкурстық комиссия қабылдап, нәтижесі 3 тамызда жарияланды.

«Мемлекеттік білім беру тапсырысы соңғы 3 жылда алғаш рет 99%-ға игерілді. Атап айтсақ, конкурс нәтижесі бойынша әлеуметтік осал топтардан 412 жетім бала, мүгедектігі бар 382 адам, көпбалалы отбасынан шыққан 3 576 бала, толық емес отбасынан шыққан 933 бала, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасынан 437 балаға грант берілді», — деп мәлімдеді министр.

Биыл алғаш рет қандастарды қабылдау процедурасын өзгерту нәтижесінде 1 604 қандасқа грант берілді. Бұған дейін қандастар ҰБТ-н 5 пәнін тапсырған болса, 2024 жылдан бастап тек 3 пәнді (оқу сауаттылығы, 2 бейінді пән) тапсырады және оларға шектік балл жинау бойынша талап қойылмайды.

Сондай-ақ батыс және халқы тығыз қоныстанған өңірлерден шыққан жастарға арналған 5000 мақсаттық грант 100% игерілді. Министр елдегі су тасқынына байланысты зардап шеккен өңірлердің түлектеріне 5112 грант бөлінгенін жеткізді, бұл гранттардың аз бөлігі.

«20 мыңнан астам түлек су басқан өңірден бітірсе, соның 10 мыңнан астам түлегі жалпы конкурспен өтті. Зардап шеккен аймақтар үшін квоталар қарастырылғанымен, осы

ғана қалып отыр. Министрлік жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын нығайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін енгізу бойынша жұмыс істейді. Нәтижесінде 27 мың төсек-орынға арналған 126 нысан пайдалануға берілді. 2024 жылы 10576 орынды 27 жатақхананы пайдалануға беру жоспарлануда. Олардың ішінде ең үлкен нысан – Еуразия ұлттық университетінің 2,7 мың төсек-орынды студенттік қалашығы, Петропавл қаласында 1,2 мың және 306 орынды Қозыбаев университетінің жатақханасы.

«Бұл тетіктер замануи дизайны бар, жасыл кампус тұжырымдамасымен және шетелдік студенттік резиденциялар (student residence) форматына сәйкес келетін жатақханалар салуға мүмкіндік берді. Мысалы, бұндай жатақханалар Алматы қаласында пайдалануға берілетін NARХОЗ – 424 орынды жатақханасы. Астана мен Алматыда Ғылым және жоғары білім министрлігі ғимараттарды жатақханаға айналдыруға мемлекеттік тапсырыстың көлемін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде. Студенттердің оқу жылының басында көптеп келу, әсіресе Алматы мен Астанаға айтарлықтай келуі күтілетіндіктен, біздің министрлік бірыңғай коллорноралық пен ахуал орталығын ұйымдастырады», — деді Саясат Нұрбек.

Сондай-ақ студенттерді жатақханаларға орналастыру күндерінде әрбір жоғары оқу орнында көмекке мұқтаж студентті қолдау үшін ахуал орталықтары барлық жоғары оқу орнында қыркүйек айының ортасына дейін жұмыс істейтін болады. Барлық нысандар бойынша мәселе тұрақты бақылауда.

Биыл 1 маусым мен 15 тамыз аралығында жоғары оқу орындарымен жөндеу жұмыстары жоспарланды. Қазіргі таңда әкімшілік-оқу корпустарының саны – 508 бірлікті құрайды. 20 жоғары оқу орнында күрделі жөндеу, 79 жоғары оқу орнында ағымдағы жөндеу жүргізілуде. 14 жоғары оқу орнындағы жатақханаларда күрделі жөндеу, 63 жоғары оқу орнындағы 175 жатақханада ағымдағы жөндеу жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар кітапханалар мен асханалар күрделі және ағымдағы жөндеумен қамтылған. Барлық жұмыстар 25 тамызға дейін аяқталады.

Сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрі Мемлекет басшысының елімізде жетекші шетелдік оқу орындарын ашу жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы туралы баяндады. Оларды дамыту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Алматыда 5 үлкен кампус ашу жоспарланған, жұмыс жүргізілуде. Астанада 2 жетекші британдық университеттің кампусын ашу жоспарланып отыр. Түркістанда корейлік жетекші технологиялық ЖОО-ның үлкен филиалы ашылады.

Жалпы, жетекші шетелдік зерттеу жоғары оқу орындарының 27 филиалы ашылуда. Биыл оларда оқу үшін 1,8 мың грант қарастырылған. 1014 грант игерілді, бірақ конкурстық рәсімдер аяқталған жоқ.

Министрліктің алдында ендігі уақытта жоғары оқу орындарын ғылыми-зерттеу форматына көшіру бойынша үлкен міндет тұр. Быылдан бастап бұл ауқымды жұмыс қолға алынады. Шетелдік жоғары оқу орындарымен, сондай-ақ Қазақстанда оқитын шетелдік студенттермен тығыз ынтымақтастықты пайдалану жоспарлануда. Осылайша, академиялық стратегия өмірге келеді.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН \$7 МЛРД КӨЛЕМІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР МЕН САУДА КЕЛІСІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КЕЛІСТІ



«Қазақстан – Өзбекстан» бизнес-форумы аясында өткен екіжақты кездесуде Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин мен Өзбекстан Премьер-Министрінің орынбасары Жамшид Ходжаев \$4,4 млрд сомасына 34 инвестициялық жобаны және \$2,6 млрд-қа 7 сауда келісін бірлесе жүзеге асыруға келісті. Келісімдер тиісті құжаттар тізімімен бекітілді.

Инвестициялық жобаларды энергетика, тау-кен өнеркәсібі және геология, көлік, химия өнеркәсібі, құрылыс, электротехника, машина жасау, фармацевтика және басқа да салаларда жүзеге асыру жоспарлануда. Ең көп жоба ауыл шаруашылығы саласында іске асырылмақ.

Тараптар ауыл шаруашылығы

өнімдерін бірлесіп өсіру және Қазақстанда астық пен күрішті терең өңдеу, Түркістан облысында жібек өнімдерін өндіру, орау материалдарын шығаратын кәсіпорын құру және басқа да жобаларды жүзеге асыруға келісті. Сондай-ақ Маңғыстау облысы аумағында ІҚМ терілерін қабылдау және өңдеу бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы шешім қабылданды.

Аталған жобаларды жүзеге асыру екі елдің инвестициялық және сауда әлеуетін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан мен Өзбекстан басылары алға қойған – өзара сауда айналымын \$10 млрд-қа дейін арттыру мақсатына жетуге жол ашады.

primeminister.kz

ВАКЦИНАЦИЯ ПРОТИВ ВИРУСА ПАПИЛЛОМЫ ЧЕЛОВЕКА



6 августа 2024 года в Ескельдинском районе совместно с областными и районными тренерами во исполнение мероприятия Дорожной карты по внедрению вакцинации против вируса папилломы человека на 2023-2025 годы проведен выездной семинар для медицинских работников. На семинаре приняли участие онколог, гинеколог, госпитальный эпидемиолог, педиатры/врачи общей практики медицинских организаций района, прививочные, участковые, медицинские сестры школ. Обсуждены актуальные вопросы: эпидемиология ВПЧ-инфекции и рака шейки матки, эпидемиологическая ситуация по раку шейки матки в области Жетісу, ВПЧ вакцины эффективность и воздействие, истинные и ложные медицинские противопоказания к вакцинации против ВПЧ, доказанные данные о безопасности ВПЧ вакцины, реакции после иммунизации, доверие к вакцинации и роль медицинских работников, мифы и факты о вакцине против ВПЧ, разъяснительная работа с родителями о вакцинации против ВПЧ. В конце семинара было проведено тестирование 105 медицинских работников с целью контроля уровня полученных знаний.

Что такое ВПЧ ? Для большинства женщин ВПЧ не представляет угрозы. Организм большинства женщин справляется с этой инфекцией до возникновения серьезных последствий. Тем не менее, у некоторых возникает стойкая инфекция. ВПЧ – крайне распространенный вирус, способный вызывать рак шейки матки. Все типы вируса папилломы человека передаются при каждом контакте. Мужчины также заражаются ВПЧ и могут передавать вирус другим. Также ВПЧ вызывает рак горла, мужских и женских половых органов. Как связаны ВПЧ и рак шейки матки? Существует около 150 типов ВПЧ, приблизительно 30 из которых поражают область половых органов. Некоторые из них могут вызвать рак шейки матки. В случае заражения типом ВПЧ высокого риска организм женщины не всегда может справиться с инфекцией. Если вирус не обнаружить и не провести лечение на ранней стадии, в шейке матки могут образоваться аномальные клетки, способные впоследствии переродиться в раковые клетки. Профилактика ВПЧ: Всем женщинам в возрасте 30 лет и старше рекомендуется проходить ВПЧ-тест во время планового обследования. Эта возрастная группа наиболее подвержена риску развития рака шейки матки, так как ВПЧ-инфекции в этом возрасте обычно являются устойчивыми. При регулярном проведении ВПЧ-Дайджин-теста и далее цитологического обследования и кольпоскопии развитие рака шейки матки практически всегда можно предотвратить. Могут ли новые вакцины против ВПЧ предотвратить инфекцию? Вакцины против ВПЧ являются безопасными и эффективными. Эффективнее всего прививать подростков до первой встречи с вирусом (до начала половой жизни), в возрасте 9-13 лет. Однако вакцины защищают лишь от двух известных онкогенных типов данного вируса, но не от многих других опасных подтипов. Таким образом, любая женщина, даже прошедшая вакцинацию, должна регулярно посещать гинеколога и проходить обследование на наличие рака или предрака шейки матки.

ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

Зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуға жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңінен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы мемлекет – діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы немесе теократиялық үлгілерінің қайсылы дауыс екендігі жайлы пікірталас тұрындағанда кейбір азаматтар зайырлы мемлекетте адам құқықтары басты орынға қойылатындығына көңіл аудармай жатады. Құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы еліміздің барлық азаматтарының діни сеніміне қарамастан заң алдындағы теңдігінен көрінеді. Оған азаматтарымыздың өз діни нанымдары себебінен Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығының жоқтығы дәлел. Зайырлы мемлекетте азаматтық құқық пен заң алдындағы теңдік маңызға ие. Өйткені, бүгінгі таңда елімізде теріс пиғылды діни топтардың әсіресе ислами теріс пиғылдың топтар) теократиялық немесе

клерикалды мемлекет құруға деген талпынысы зайырлылықпен тығыз байланыстағы құқықтық мәселелеріне, адамсүйгіштікке нұқсан келтіруі мүмкін. Дін мемлекеттен бейтарап саналғанымен, дін мемлекеттің тіректерінің бірі – рухани тірегі болып қала бермек. Бүгінгі таңда еліміздің ішінде оңды-солды тіркеліп, діни үгіт-насихат жұмыстарын екпіндетіп жүргізіп жатқан әртүрлі діни бағыттағы бірлестіктер мен көптеген жат миссионерлердің істері – халқымыздың, ұлтымыздың келешек болмысына, ата дініміздің бекіп өркендеуіне деген алаңдатушылығын туғызып отыр. Еліміздегі бүгінгі діни ахуал жағдайында бұрынғы өлшеммен жұмыс істеуге болмайтыны белгілі ақиқат. Зайырлы мемлекеттің заңнамасы толықтай немесе ішінара діни нормаларға сәйкес келуі мүмкін, оның зайырлылығы діни түсініктерге қарама-қайшылықпен емес, одан азат болуымен анықталады. Зайырлы елде әрбір адам ешқандай діни институттарға қатыссыз өмір сүруге құқылы. Мысалы, некені тіркеу және әділ сот жүйесі мемлекеттің айрықша құқығы болып табылады. Сол сияқты зайырлы елде барлық конфессия өкілдері заң алдында бірдей. Діни мерекелер халықтың дінге сенуші бөлігіне қолайлы жағдай жасау мақсатында демалыс күні ретінде бекітілген. «Зайырлы» сөзі араб тілінде «захири» (зайырлы) яғни «ашық, сыртқы» деген мағыналарда қолданылады. Зайырлылық тек қана құлшылық

пен сенім бостандығы немесе мемлекет пен діннің өзара ажыратылуы ғана емес. Зайырлылықтың негізгі мақсаты жеке тұлғаны діндердің және идеологиялардың қысымынан құтқару екендігін білуіміз керек. Бұл тұрғыдан келгенде Қазақстандағы діни экстремистік бағыттар, «салафилер» мен христиан миссионерлерге өз азаматтарын беріп қою, бақылаусыз қалдыру мемлекеттің қауіпсіздігіне қаншалықты зиян екендігін біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі қоғамдағы «салафилердің» барлық іс әрекеттері қоғам қауіпсіздігіне кері әсерін тигізіп отыр. Ал миссионерлік ошақтар жік шығарғалы қашан. Зайырлылық мемлекеттің демократиялық, рационалды ұстанымдарға негізделуін білдіреді. Зайырлылық әсіресе Батыстағыдай католик әлеміндегідей дін мен мемлекеттің емес, дін мен шіркеудің өзара ажырауын білдіреді. Ал исламда жоғарыда айтқандай «дін адамы» немесе «дін адамы емес» деген бөлектену немесе статус, «каста» болмаған. Олай болса, республикалық жүйедегі мемлекеттердегі «зайырлылық» ұстанымын әсіресе, ислам өркениеті мен мәдениетіне етене жақын немесе сол мәдениет негізінде құрылған мемлекеттер өзіндік комментарий жасау арқылы билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге ұмтылуы керек.

М.ШЕРЕКЕНОВ,
Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЫСАНДАРЫН САЛУ ЖОСПАРЛАВУДА



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

Облыста жаңа су шаруашылығы нысандарын салу, ирригациялық желілерді қалпына келтіру және реконструкциялау жөнінде іс-шаралар қабылдау мәселелері көзделіп отыр.

Атап айтсақ, Ақсу ауданында Биен өзеніндегі су қоймасының құрылысы, Ескелді ауданында «Балықты» су қоймасын салуды қажет етеді. Панфилов ауданына Қорғас өзеніне, Өсек өзеніне және Тышқан өзеніне үш су қоймасы

салынбақ. Алакөл ауданында 2000 га жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізу үшін Жаманты өзенінің су қоймасының құрылысы, Көксу ауданында Быжы өзенінің су қоймасының құрылысына жергілікті атқарушы органның есебінен тәжірибелі және экономикалық негіздеме жасалуда. Алағаш ауданында жұмыстары жүргізіледі.

«Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығында 9 300 гектар егістік бар, оның 2 500 гектары тамшылатып суарумен және 6 800 гектары шашыратумен қамтылған», - деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» РМК Жетісу филиалының директоры Саят Құдайбергенов.

БАЛАМЕН СӨЙЛЕСУДІҢ МАҢЫЗЫ



Есіңізде болсын! Сіздің балаңыз үшін күнделікті жасаған еңбегіңіз, ол үшін болашақтағы әрбір жасайтын әрекеті болмақ. Сондықтан баламен тұрмыста үнемі сабырлық танытып сөйлесу қажет (киінгенде, шешінгенде, жуынғанда, тамақ ішкенде, серуендегенде және ұйықтар алдында). Іс-әрекет барысында жиі сұрақтар қойып, кейін біраз үнсіздік сақтап (баланың жауабын күткендей), өз сұрағымызға өзіміз жауап береміз. Бала өзін қоршаған заттармен танысқан соң, тапсырманы уақыт өте келе күрделендіреміз. Мысалы: жуынған кезде, «Кел, беті-қолыңды жуа ғой. Қранды

ашайық, жоқ бұл жаққа емес, келесі жаққа ашамыз, міне осылай. Сабын қайда? міне, сабын. Қане сабынды алып, қолыңды сабында, енді жақсылап қолымызды ысқылаймыз, енді сумен тазалап жуамыз. Қане, енді екі алақаныңа суды толтыр міне осылай (өзіміз көрсетеміз), енді бетіңді жу. Қранды жабамыз, жарайсың! Сүлгі қайда? міне, беті-қолыңды сүрте ғой. Тамаша, тап-таза болдың!». Байқадыңыздар ма, бір әрекет арқылы бала бірнеше сөздермен танысып, әрекет жасай отырып, пассивті сөздік қорын молайтады.

Жалпы сөйлеу тілі екіге бөлінеді: пассивті сөйлеу – адамның іштей түсінген сөзді, белсенді сөйлеу – адамның айтқан сөзі. Балада ең алдымен пассивті сөйлеу тілі дамиды, яғни 1-3 жасқа дейін бала сөзді түсініп, оны сөздік қорына жинап алып барып, белсенді сөйлеуге қосады.

Жоғарыда айтылғандай баланың тілі жанындағы адамдарға қарап шығады. Сол себепті тілі кешеуілдеп жатқан баламен сөйлескенде интонацияны дұрыс қойып, үзіліс жасап, түрлі дауыс ырғағын қолданып

айтқан дұрыс. Бала ересектерге еліктеу арқылы жүруді, сөйлеуді, әрекеттерді игереді және айтқан сөзді орындауды үйренеді. Бастапқыда бала анасының нұсқауын орындамауға, қырсықтық танытуға немесе өз дегенін істеуге мүмкіндігі мол кезең болып табылады. Сондықтан да мейлінше балаға мейірімділікті, құшағыңызды, махаббатыңызды, уақытыңызды бөле білсеңіз, өз жемісін береді. Бала көбіне анасының құшағы жетпегендіктен қырсық мінез таныту арықылы өзіне көңіл аударғысы келеді. Баламен қарым-қатынас үстінде, баланы ашуландырып «осылай деп айтшы» деген сөзді қолданбау керек. Бала айта алса, өзі де айтар еді. Сондықтан алдымен баланың танымын кеңейтіп, пассивті сөздік қорын молайту керек. Яғни, өзіміз сұрақ қойып, өзіміз жауап береміз. Мысалы: мынау сиыр ма?, сиыр екен, ол мө-мө деп дыбыс шығарады деп жауап береміз....

Қорыта келе, әр бала жеке тұлға, әр баланың даму ерекшелігі де әртүрлі. Сондықтан балаңызды ешкіммен салыстырмай, өзінің жеке тұлға болуына уақытыңызды арнаңыз!

Г.Т.ТОКТАРОВА,
№8 ППТК мұғалім-логопеді.

ЖАҢА ЖОБА: ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасының тапсырысы аясында өңірде «Студенттік және мектептік өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі іс-шаралар кешені» жобасы іске асырылмақ. Қаржыландыру көлемі 22 млн. теңге, ал оған қамтылатын жастар саны 200 адам.

Жобаның басты мақсаты – студенттер мен оқушылардың дамуына жан-жақты көмек көрсету, мәдени, ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлау, сондай-ақ, студенттер мен оқушылар арасында кешбасшыларды анықтау және жазғы демалысты ұйымдастыру.

13-15 тамыз аралығында Алакөл ауданында, «Ұмтылыс Q» Қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жазғы лагерь шарасы өтеді. Мұнда оқушылар демалып қана қоймай, арнайы спикерлердің оқыту курстарына қатысып, білім алады. Жастар арасында қызығушылық тәжірибе алмасу және белсенділік деңгейін арттыру, ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізіледі.

Елді мекенде мәдениет ошағының салынатынына ауыл тұрғындары қуанып жүр.

- Ауылымызда осындай жаңа нысан салынып жатқанына ризамыз. Ауылда балабақшамыз бар, мектебіміз бар. Енді мәдениет ошағы ашылса, жастардың бос уақытын пайдалы өткізуіне жақсы мүмкіндік болады. Өзіміз де бір уақыт концерт көрсек, мереке өткізсек, сыртан келетін әртістердің ойынын тамашаласақ, ауыл тұрғындары үшін де рухани демалатын орын болар еді, - дейді ауылдық Аналар кеңесінің төрайымы Нүкетай Күзенбаева.

Жалпы Жетісу облысында 200-ден астам мәдениет нысаны халыққа қызмет көрсетуде. Жетісу облысы құрылғалы бері 7 жаңа мәдениет нысаны ашылды, соның 5-еуі – мәдениет үйі, 1 музей, 1 кітапхана.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында шалғай ауылдарға қажетті мәдени нысандар блокты-модульді конструкциядан салына бастады. Мәселен, биыл 12 ауылда осындай клубтардың құрылысы жүргізілуде, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 12 АУЫЛДА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ЖАҢА ТИПТІ МӘДЕНИЕТ НЫСАНДАРЫ САЛЫНАДЫ



жұмыстарының шамамен 40 % аяқталған.

- Металл конструкцияларын құрып бітірген соң сэндвич панельмен қаптаймыз. Содан соң сыртқы жұмыстарына кірісеміз.

Клубтың 120 орындық көрермен залы, 11 бөлмесі болады. Құрылыс жұмыстарының кестесіне сай алда екі ай уақытымыз бар, белгіленген мерзімге құрылысты аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз, - дейді мердігер «Ақтөбе экорт» ЖШС прорабы Бірлік Қантбаев.

САУ ТІС-СҰЛУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Стоматология (көне грекше: *στόμα* – ауыз + *λόγος* – ғылым) – тіс, ауыз іші, жақ сүйектері мен бет аурулары, оларды анықтау, емдеу, олардан сақтану туралы ғылым; клиникалық медицина саласы. Стоматология (грек. *stoma, stomatos* – ауыз және *logos* – ілім) – клиникалық медицинаның тіс, ауыз қуысы, жақ сүйектері, бет пен мойынның оған шектесетін бөліктерінің ауруларын зерттейтін саласы. Тіс аурулары мен ауыз қуысы жөніндегі алғашқы ғылыми мәліметтер Сушрут (Үндістан), Гиппократ, Гален, Цельс, т.б. еңбектерінде кездеседі. Бірақ стоматологияның өз алдына жеке ғылым ретінде дамуы 20 ғасырдың 1-жартысынан басталады. Ғылым пән ретінде стоматологияның негізін салған француз хирургы П.Фохар (1690 – 1762) болды. Стоматология емдеу тәсілдеріне байланысты терапия, хирургия, ортопедия (протездік) стоматология және балалар стоматологиясы болып бөлінеді. Терапиялық стоматология – арнайы хирургия көмекті қажет етпейтін ауруларды (тіс, тіс айналасындағы тіндердің және ауыздың шырышты қабығының) дәрі-дәрмекпен, физиотерапия әдістермен емдейді және аурудың алдын алу жолдарын қарастырады. Ортопедиялық стоматология – тісті шегендейді, тіс, жақ, таңдай және бет кемістігіне протез жасайды. Хирургиялық стоматология – әртүрлі қабыну процестерін, жақ, бет, тіс сүйектерін хирургиялық операция арқылы емдейді. Сондай-ақ емдеуге келмейтін тісті жұлады. Балалар стоматологиясы бала тістері мен ауыздың шырышты қабықтарын емдеуді жетілдіру және алдын алу шараларын қарастырады. Стоматология ғылымын толық қанды меңгерген, жұмысын тиянықты атқаратын мамандардың бірі Мұхаметкелдіұлы Рыскелді. Мұхаметкелдіұлы Рыскелді 1992 жылы 21- қаңтарда Талдықорған қаласында дүниеге келген. Қошмамбетов Қожа атындағы мектепті үздік бітіріп, 2006-2010 жылдар аралығында Семей қаласында орналасқан «Медициналық» университет қабырғасында білім алды. 2019 жылы Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық емханасына тіс дәрігерлік маманы ретінде жұмысқа қабылданды.

адам жанының зерттеушісі, қорғаны екен. Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті әрі білімді жүктейді. Дәрігер болып қызмет атқару, ақ халат кию менің бала кезгі арманым болатын. Өсе келе сол арманымға жету үшін әрдайым ізденісте болып, көп уақытымды ғылымға арнайтын едім. Ал қазір, мен бала кезгі арманымға жеттім және өзімнің дәрігер маманы екенімді, мақтанышпен айта аламын!



Мұхаметкелдіұлы Рыскелді, қоғамдағы дәрігердің алатын орны қандай деп есептейсіз? Менің ойымша, дәрігердің рөлі біздің елімізде өте маңызды. Себебі: дәрігер өз әрекеттерін ар жақты негіздеп, Гиппократтың және Қазақстан дәрігерлерінің ант-тын басшылық етіп, гуманизміне және қайырымдылығына, әлемдік қоғамдастықтың этика құжаттарына сәйкес орындайды. Дәрігер өз шешімдері мен әрекеттеріне толық міндетті және науқастарға көрсетілген жәрдемнің түрлеріне толық жауапты болады. Науқастарға көрсетілген жәрдемнің сапасы ешқашан да оның білімі мен біліктілігінен жоғары болмайтынын есінде сақтап, дәрігер міндетті түрде және үнемі кәсіби дәрежесін жетілдіруі керек. Дәрігер өз әрекетін іске асыруда медицина ілімінің соңғы жетістіктерін қолдануы қажет. Кәсіби шешім қабылдауында, материалдық пайда табу жағы, дәрігерді қиянатқа итермелемеуі қажет деп білемін.

Мұхаметкелдіұлы Рыскелді, бәріміз білетіндей дәрігер мамандығында бос уақыт өте тығыз болады. Алайда, бос уақыт болған жағдай немен айналысқанды ұнатасыз? Бос уақытымда ауылға барып, атпен серуендегенді қатты ұнатамын. Серуендеу арқылы бойымдағы стресс және қорқынышты шығарып, таза ауамен демалып қайтамын. Бұндай серуеннен кейін, жұмысқа деген жігерім де арта түседі.

Мұхаметкелдіұлы Рыскелді, сіз отбасы деген сөзді қалай түсінесіз? Отбасы – бәрі неден басталады. Адамның өмірі отбасынан басталады, оның азамат болып

өте жоғары. Келісіңізші, дәрігер алдындағы кез-келген биоэтикалық жағдай, науқаспен қарым-қатынастағы кез-келген психологиялық қиындық, кез-келген мамандыққа қатысты тапсырмалар бұл дәрігер мамандығының маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Қоғамдық көзқарастың маманы ретінде дәрігердің моральдық-этикалық бейнесін елестетіп көрейік. Дәрігерлік өнердің этикалық және деонтологиялық негіздерін тануға бағытталған ғылыми зерттеулер материалдары, негізінен қызметтік міндетіне қарай дәрігер-тұлғасының әдептілігін мінздейді.

Мұхаметкелдіұлы Рыскелді, тіс дәрігері ретінде тісіміздің жақсы қалыпта сақталуға байланысты, өз кеңесіңізді айтып өтсеңіз

1-ереже: тістеріңізді дұрыс тазалаңыз. Тісті күніне кемінде 2 рет, таңертең және кешке ұйықтар алдында тазалау керек. Егер сіз ас ішер алдында тазалағыңыз келсе, онда 15 минут бұрын іске кірісіңіз. Өйткені тіс пастасының демі ауыз қуысымызда қалып қалатын болса, ішек жолдарына кері әсерін тигізеді.

Тамақтанып болған соң, бірден тісіңізді жуып жіберуді мейлінше әдетке айналдырыңыз. Сонда тісіңізде тамақтың қалдықтары қалмайды.

2-ереже: тіс жібін қолданыңыз. Тіс жіптерінің хош иісті, фтормен қарталған, жалпақ деген секілді біртүрлі түрі бар. Өзіңізге қайсысы ұнайды, соны таңдаңыз. Алдын ала тіс дәрігерімен ақылдасып алсаңыз да болады.

Ұйықтар алдында күніне бір рет тіс жібінмен тазалап алыңыз, кейін пастаны қолданасыз. Жіптің қозғалысы тек тістің оң бойымен жасалады.

3-ереже: тіс щеткасын дұрыс таңдау керек. Тіс щеткасында жасанды қылшық талшықтары болуы керек. Тіс щеткасы бабының ұзындығы шамамен 2-2.5 тіске тең болуы керек. Қылшықтардың қаттылығын тіс дәрігері таңдауы керек. Егер сізге таңдау қиынға соқса, орташа қатты щетканы алған дұрыс.

4-ереже: тіс пастасын асықпай, мұқият таңдаған дұрыс. Тіс пасталарының сапалығы да, сапасы да бар. Профилактикалық құрамында емдік қоспалары бар, ағартқыш т.б. секілді түрлері бар. Сізге қайсысы қажет екенін тек тіс дәрігері айта алады. Ол үшін стоматологқа кәсіби тазалатқан абзал.

Мұхаметкелдіұлы Рыскелді,

тісімізді тіс пастасын қолданбай тазартатын жолдары бар ма? Халықтық тәсілдердің ішінде қарапайым ас содасының тіс тасын кетіруде пайдасы мол. Оны үй жағдайында қолдану өте ыңғайлы және оны тіс тасын кетіру үшін ғана емес, эмальды ағарту үшін де пайдалануға болады. Тісті тазалауға арналған қоспаны өзіңіз жасай аласыз: тас пастасына бір шөкім сода сепсеңіз жеткілікті. Мұндай қоспамен тісті аптасына үш рет тазалау керек, кері жағдайда эмальдың жұқаруы мен бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін, әсіресе алдыңғы тістердің асқа да халықтық тәсілдер арқылы тіс тасын кетіріп, тісті ағартуға болады. Тіс тазалауда қара тұрыптың пайдасы мол. Оны үккіштен ұсақтап өткізіп, аз мөлшердегі лимон шырынымен араластыру керек. Дайын быламықты тістің эмальына тіс щеткасы арқылы жағып немесе бірнеше минут шайнап тұру қажет. Нәтижесіз қол жеткізгенше процедураны күнделікті қайталау ұсынылады.

Тіске жұмсақ әсер етіп, тіс тасын кетіруге ат салысатын өнімдердің бірі – бал. Ол тісте түзілген артық қабаттарды жібітіп қана қоймай, антибактериалдық тұрғыдан әсер етеді. Бір шай қасық балды бір стакан жылы суда ерітіп, сұйықтықпен ауыз қуысын шаю қажет. Процедурауны екі-үш апта бойы күніне 4-реттен жасап тұрған дұрыс.

Мұхаметкелдіұлы Рыскелді, жас балалардың тістері енді шығып бастағанда, қандай тәсіл қолдану қажет?

Жатар алдында балаға бір қасық бал берп көріңіз (өріне, аллергиясы жоқ болса) Бұл баланы тыныштандырып, ұйқысын жеңілдетеді. Тіс шыққанда көмектесетін тағы бір әдіс: Баланың қызыл иегіне сода қоспасын жағу Бір стакан суға бір қасық та жеткілікті болады. Түймедің қабынуы қарсы жақсы дәрі-дәрмек болып табылады. Оны бірнеше тәсілмен қабылдауға болады. Ауруды басу үшін балаға бір немере екі қасық түймедік шайын беру керек. Қайнатылған шөптен жылы компресс жасап тіс шыққалы жатқан ұрттың бөлігіне тартса пайдасы зор. Бірақ, мейлінше баланы уақытылы тіс дәрігеріне тексетіп алу абзал болады. Әрбір баланың денсаулығы әртүрлі болғандықтан, кейбір дәрілер балаларға кері әсерін тигізіпте жатады.

Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық? Бірінші кезекте, отбасы – тұлғаның қалыптасуында ең маңызды құндылық. Екінші кезекте – адамгершілік. Басқаның барлығы өз ретімен келе береді. Бойыңда адами қасиет болмаса, қалғанының барлығы бос дүние.

С ұ х б а т т а с қ а н ы ң ы з ғ а р а қ т е м ! Жұмысыңызда молағай табыстарға жетуіңізге тілектеспін!

Д ДАУРЕНҚЫЗЫ.



Қазақстандағы «Отан отбасынан басталады» деген қағидаға айналған сөз қай кезде болсын өзгерген емес, өзгермеген те емес. Елбасымыз «Отбасы – Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселенің қоғам үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетіп берді. Отбасы – кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі. Туған ұясы атаңан отбасы қажеттілігін ешқашан жоғалтпайды. Өйткені, ол белгілі бір әлеуметтік институт. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алатындықтан, оған немқұрайлық таныту мүмкін емес.

Қазақта «Ұяда не көрсен ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алыңнан сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді.

Екінші рет мамандық таңдау мүмкіндігі берілгенін елестетіп көрсек, қандай кәсіпті таңдар едіңіз және неліктен? Ойланбастан дәрігерлікті, оның ішінде тіс дәрігерін таңдауын едім. Бұл – менің жүрегімнің қалауы. Өзімді басқа салада елестете алмаймын.

Мұхаметкелдіұлы Рыскелді, дәрігерлік этика жайлы не айтасыз? Маман дәрігер ретіндегі, рухани – әдептілік біліктілігінің маңызы



ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Орталығы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 52, Қарабұлақ ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, 8 (72836) 3-14-25.
Комиссия төрағасы – Жексенбеков Рүстемхан Ануарханұлы;
Комиссия төрағасының орынбасары – Исабаев Жанахмет Мырзахметұлы;
Комиссия хатшысы – Турдиева Диляра Баратовна;
Комиссия мүшелері: Кыдырманова Гиляна Равильевна, Бейсбаева Жазира Конуспайқызы, Оспанова Шынар Күмісбекқызы, Айтбузинова Әдия Хафизқызы.

ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Сайлау комиссияларының жұмыс уақыты:
сағат 9.00-18.30
Түскі үзіліс уақыты – сағат 13.00-14.30
№ 104 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Қаратал ауылы, Шеғебайұлы көшесі №68, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қаратал орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ ғимараты, тел. 5-01-53.
Комиссия төрайымы - Абдулданова Ардақ Өмірзаққызы;
Комиссия төрайымының орынбасары - Жазыбаев Бахтияр Сарсенбекұлы;
Комиссия хатшысы - Утельбаева Меруерт Арсеновна;
Комиссия мүшелері: Заманбекова Айнұр Нығметқызы, Кулимбаев Манас Тажибайұлы, Жұмашбаева Алина Әсетқызы, Мұқанова Камиля Кызайбекқызы.
№105 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы:
Теректі ауылы, Бопау батыр көшесі №40, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Мичурин атындағы негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын - орталығымен» КММ ғимараты, тел. 3-02-81.
Комиссия төрайымы - Жакаева Гаухар Жаксылықбаевна;
Комиссия төрайымының орынбасары – Доспай Жанель Манарбекұлы;
Комиссия хатшысы - Калимолданова Айгерім Нұрбекқызы;
Комиссия мүшелері: Дауталинова Мейрамкүл Өмірзаққызы, Дәуренбеков Берік Тезекбайұлы.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қаратал ауылдық округі
№ 104 сайлау учаскесі
Орталығы: Қаратал ауылы, Идрисова С.Ш. көшесі № 68, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қаратал орта мектебі мектепке дейінгі шағын – орталығымен» КММ.
Шекарасы: Қаратал ауылы.
№ 105 сайлау учаскесі
Орталығы: Теректі ауылы, Бопау Батыр көшесі № 40, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Мичурин атындағы негізгі орта мектеп мектепке дейінгі шағын –орталығымен» КММ.
Шекарасы: Теректі ауылы.

ЕСКЕЛЬДИНСКАЯ РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ

Центр: село Карабулак, улица Оразбекова, 52, здание акимата Карабулакского сельского округа, 3 этаж, тел. 8 (72836) 31425.
Председатель комиссии - Жексенбеков Рүстемхан Ануарханұлы;
Заместитель председателя – Исабаев Жанахмет Мырзахметович;
Секретарь комиссии - Турдиева Диляра Баратовна;
Члены комиссии: Кыдырманова Гиляна Равильевна, Бейсбаева Жазира Конуспаевна, Оспанова Шынар Кумисбековна, Айтбузинова Адия Хафизовна.

ЕСКЕЛЬДИНСКАЯ РАЙОННАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ ПУБЛИКУЕТ СОСТАВ И ВРЕМЯ РАБОТЫ УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

Время работы участковых избирательных комиссий:
9.00-18.30 ч.
Перерыв на обед: 13.00-14.30 ч.
Участковая избирательная комиссия №104
Центр: село Каратал, улица Шеғебайұлы №68, здание КГУ «Каратальская средняя школа с дошкольным мини-центром» ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления образования области Жетысу», тел: 5-01-53
Председатель комиссии - Абдулданова Ардақ Омирзақовна;
Заместитель председателя –Жазыбаев Бахтияр Сарсенбекович;
Секретарь комиссии-Утельбаева Меруерт Арсеновна;
Члены комиссии: Кулимбаев Манас Тажибаевич, Жумашбаева Алина Асетовна, Заманбекова Айнур Ныгметовна, Муқанова Камиля Кизайбековна.
Участковая избирательная комиссия №105
Центр: село Теректы, улица Бопау батыр №40, здание КГУ «Основная средняя школа имени Мичурина с дошкольным мини – центром» ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления образования области Жетысу», тел. 5-02-81.
Председатель комиссии-Жакаева Гаухар Жаксылықбаевна;
Заместитель председателя –Доспай Жанель Манарбекович;
Секретарь комиссии-Калимолданова Айгерім Нұрбекқызы;
Члены комиссии: Дауренбеков Берик Тезекбаевич, Дауталинова Мейрамкүл Омирзақовна.

АКИМ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА ПУБЛИКУЕТ ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

Каратальский сельский округ
Избирательный участок № 104
Центр: село Каратальск, улица С.Ш. Идрисова № 68, КГУ «Каратальская средняя школа с дошкольным мини-центром» ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления образования области Жетысу».
В границах: село Каратал.
Избирательный участок № 105
Центр: село Теректы, улица Бопау Батыр № 40, КГУ «Основная средняя школа имени Мичурина с дошкольным мини-центром» ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления образования области Жетысу».
В границах: село Теректы.

1.Расскажите, пожалуйста, подробнее о новых услугах ЕНПФ, оказываемых онлайн. Какие это услуги? Как ими воспользоваться?

ЕНПФ реализовал новые цифровые услуги, которые можно получить посредством личного кабинета на сайте enpf.kz или в мобильном приложении БЖЗҚ/ЕНПФ.
Например:
- члены семьи умершего лица, имеющего пенсионные накопления могут теперь подать заявление на выплату пенсионных накоплений умершего лица (на погребение);
- вкладчики ЕНПФ могут предоставить согласие на сбор и обработку персональных данных, а также в одном разделе сформировать справки о наличии счетов, справки по ОППВ, справки-подтверждения возврата 50% пенсионных накоплений. Представим новшества по порядку.
Заявление на выплату пенсионных накоплений в связи со смертью лица, имеющего пенсионные накопления (на погребение).
Пенсионные накопления являются собственностью вкладчика или получателя. Соответственно, они наследуются. Но еще до вступления в права наследства членам семьи вкладчика/получателя производится единовременная выплата на погребение за счет средств пенсионных накоплений умершего лица в пределах размера 94-кратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете (ИПС) средств умершего лица. В связи с вводом нового сервиса процедура подачи заявления на получение положенной суммы на погребение в тяжелых для семьи обстоятельствах возможна теперь и в онлайн-формате. Для этого близким родственникам умершего необходимо в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении в разделе «Услуги» выбрать вкладку «Подача заявления на выплату в связи со смертью получателя (на погребение)». Далее в открывшемся окне необходимо ввести ИИН умершего лица, где пройдет проверка на наличие в информационной системе государственного органа (ИС ГО) сведений о смерти и процедура подтверждения родственных связей. Если в ИС ГО отсутствуют сведения о смерти физического

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

лица – выйдет соответствующее уведомление. Если факт смерти подтвердится – осуществится проверка на наличие родственных связей. В случае подтверждения, произойдет переход к следующему этапу – введению банковских реквизитов получателя. После заполнения необходимо проверить верность указанных банковских реквизитов, нажав на кнопку «проверить» и подписать электронной цифровой подписью (ЭЦП).
Предоставление ЕНПФ согласия на сбор и обработку персональных данных.
При оказании услуг, предусмотренных законодательством, ЕНПФ производит обмен информацией с информационными системами (базами данных) организации, к которым относятся государственные органы и (или) государственные юридические лица. При этом данные вкладчиков НЕ передаются частным либо прочим юридическим лицам.Прежде чем получить услугу от ЕНПФ, вкладчик (получатель) / поверенное лицо / законный представитель в соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» подтверждает согласие на сбор и обработку своих личных данных. В целях улучшения качества и оперативности предоставляемых услуг, а также безопасности и конфиденциальности информации ЕНПФ ввел новый сервис для вкладчиков - предоставление согласия на сбор и обработку персональных данных в специальном разделе личного кабинета на сайте либо в мобильном приложении.
Для этого в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении БЖЗҚ/ЕНПФ в разделе «Услуги» необходимо выбрать вкладку «Подача согласия на сбор и обработку персональных данных». Если ранее заявителем уже было подано и подписано такое согласие, выйдет соответствующее уведомление. В противном случае (если вкладчик ранее не подписывал согласие на сбор и обработку персональных данных) откроется окно уведомления Закона РК «О персональных данных и их защите». Далее нажав кнопку «Ознакомлен», произойдет переход к окну согласия, где необходимо будет заполнить графу «мобильный номер» и прописать SMS код,

который придет на указанный номер.
2.За каких работников работодатели освобождаются от уплаты обязательных пенсионных взносов работодателю (ОПВР)?
Согласно нормам Социального кодекса от уплаты ОПВР в ЕНПФ освобождается работодатель за:
- лиц, родившихся до 1 января 1975 года;
- лиц, достигших пенсионного возраста в соответствии с Социальным кодексом;
- лиц с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бесспорно;
- военнослужащих (кроме военнослужащих срочной службы), сотрудников специальных государственных и правоохранительных органов, государственной фельдъегерской службы, а также лиц, права которых имеют специальные звания, классные чины и носить форменную одежду упряднены с 1 января 2012 года;
- получателей пенсионных выплат за выслугу лет;- судей Конституционного Суда Республики Казахстан, полномочия которых прекращены в связи с истечением установленного Конституцией Республики Казахстан срока пребывания в должности, получающих ежемесячное пожизненное содержание, судей в отставке, получающих ежемесячное денежное содержание. Дополнительно сообщаем, что Социальным кодексом четко определена обязанность уплаты работодателями обязательных пенсионных взносов исключительно за счет собственных средств. Поступление этого вида взносов вкладчики могут увидеть в выписке с индивидуального пенсионного счета, где представлена информация по всем видам взносов. Контроль за своевременностью и полнотой уплаты обязательных пенсионных взносов работодателем возложен на Комитет государственных доходов. В случае нарушения работодателем вышеуказанных норм, работнику необходимо обращаться в КГД.
3. Будет ли меняться сумма выплаты в рамках программы «Нацфонд - детям» в зависимости от инвестиционного дохода?
Да. Ежегодно в рамках Программы «Нацфонд – детям» будут начисляться разные

суммы. Они определяются исходя из усредненной суммы инвестиционного дохода по активам Национального Фонда Республики Казахстан за предшествующие 18 лет и количества детей – участников Программы. Кроме того, суммы, начисленные детям в предыдущие годы, будут продолжат инвестироваться в долларах США в составе активов Нацфонда. В результате на них дополнительно будет начисляться инвестиционный доход.
4. Не могли бы разъяснить подробнее алгоритм получения и перевода целевых накоплений на образование и в целях улучшения жилищных условий?
- Ребенок, достигший 18 лет (получатель ЦН) либо его законный представитель (в случае ограниченной дееспособности получателя ЦН), самостоятельно получает из ЕНПФ, в том числе через интернет-ресурс ЕНПФ, информацию о сумме ЦН, которую можно использовать на разрешенные цели.
- Получатель ЦН (либо его законный представитель) обращается к Уполномоченному оператору (УО), у которого открывает банковский счет в долларах США на имя получателя ЦН, и подает онлайн-заявление на выплату ЦН посредством интернет-ресурса либо в мобильном приложении УО с приложением документов, перечень которых определен УО с учетом требований законодательства Республики Казахстан.
- Для подачи заявления нужно авторизоваться на интернет-ресурсе или в мобильном приложении УО и открыть свой личный кабинет, в котором необходимо заполнить онлайн-заявление на выплату ЦН с указанием номера банковского счета в долларах, суммы выплаты ЦН и цели использования, с удостоверением ЭЦП либо динамической идентификацией.
- УО в течение 2 рабочих дней после рассмотрения и одобрения заявления на выплату и документов, поданных получателем ЦН или его законным представителем, направляет в ЕНПФ электронное уведомление о зарегистрированном заявлении на выплату.
- ЕНПФ в течение 5 рабочих дней со дня получения электронного уведомления от УО переводит ему сумму выплаты ЦН, указанную

в заявлении, для последующего зачисления на банковский счет в долларах США получателя ЦН, открытый УО, либо сообщает об отказе с указанием причины.
- Получатель ЦН или его законный представитель в течение 45 рабочих дней со дня поступления суммы ЦН на банковский счет предоставляет УО документы, подтверждающие целевое использование выплат ЦН.
- УО в течение 10 рабочих дней со дня предоставления получателем ЦН документов проверяет их и перечисляет выплаты ЦН по их целевому назначению.
- В случае не предоставления получателем ЦН или его законным представителем в течение 45 рабочих дней документов сумма выплаты ЦН, находящаяся у УО, возвращается в ЕНПФ.Если получатель не обратился за своими целевыми накоплениями в течение 10 лет со дня достижения им совершеннолетия, то эти средства перечисляются на добровольный пенсионный счет, который открывается в ЕНПФ на его имя в автоматическом порядке. Выехавшие из Казахстана на постоянное место жительства в другое государство теряют право на использование средств Нацфонда.В случае смерти получателя целевых накоплений эти средства наследуются в рамках закона.
5. На какие цели, казахстанцы, унаследовавшие накопления, сформированные в рамках программы «Нацфонд-детям», могут использовать?
В случае смерти либо вступления в законную силу решения суда об объявлении умершим участника программы «Нацфонд-детям», целевые накопления наследуются в порядке, установленном законами Республики Казахстан. Получившие накопления лица (наследники) вправе использовать их по своему усмотрению на любые цели.
Ознакомившись с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz и на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ. Также отметим, что видеоинструкция о реализации программы «Национальный Фонд – детям», алгоритм действий до и после наступления совершеннолетия ребенка размещена на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ по ссылке: <https://www.youtube.com/watch?v=HQNAXfskX8>.

